



Оқушылардың шығармалылық газеті

Ж а с қ а з а қ

ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

(№ 2) ҚАРАША—ЖЕЛТОҚСАН

СЫРЫМ ДАТҰЛЫ
(1712—1802)



Сырым Датұлы Ресей империясы патшасының отарлау саясатына қарсы күрескен **Кіші жүз** қазақтарының 1783—1797 жылдарындағы көтерілісінің көрнекті басшысы, атақты батыр, әйгілі шешен. Сырым Датұлы өз халқының нағыз патриоты екенін таныта білген және отарлық бұғаудан елді босатуға зор үлес қосқан.

Ол Ресейдің отарлау саясатын жүзеге асырған қазақтарға қарсы соғысты бастады. Сырым бастаған ұлт-азаттық көтерілістің негізгі себебі — патша саясаты мен Жайық казактарының жүгенсіздігі, олардың қазақ халқын қанауы болды.

Ұрпақтар сабақтастығы негізінде жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды насихаттау арқылы оқушыларды патриоттыққа тәрбиелеу мақсатында Сырым Датұлының 300 жылдығына орай "Ардагерлер және жастар бейбітшілікті қалайды" тақырыбында 9-11 сынып оқушылары арасында тарихи-әдеби кеш өтті.

Бұл шығарылымда

1—БЕТ

* Сырым Датұлының 300 жылдығына орай өткен тарихи—әдеби кеш

* 9-11 сыныптарға кәсіби бағдар беру

* "Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ"

2—БЕТ

* Олимпиада жүлдегерлері

3—БЕТ

* 16 желтоқсан—сан ғасыр аңсаған ата—баба арманы орындалған күн

4—БЕТ

* Ұстаздар мен оқушыларды құттықтау



«Қарағанды қаласының білім бөлімі» ММ –нің жоспарына сәйкес 2023 жылдың 3 қараша күні 9-11 сынып оқушыларын кәсіби бағдар беру мақсатында Қарағанды қаласының КГП «Карагандинский областной высший сестринский колледж» КММ –не 9-сынып жетекшілері Садвакасова Кулимжан Кииковна мен Тлеубергенова Жанар Сайлауқызының ұйымдастыруымен «Сестринское дело», «Лечебное дело», «Акушерское дело», «Лабораторная диагностика», «Фармация», мамандықтарының жұмысымен танысып, көп ақпарат алып қайтты

15-қараша күні "Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты республикалық ақпараттық наұқаны аясында оқушыларға құқық білім беру мақсатында Қарағанды облысының полиция департаментінің орынбасары полиция полковнигі Даурен Алпысбаевич Ибраев және полиция департаментінің қызметкерлері жасөспірімдер арасында құқық бұзшылықтың алдын алу мақсатында "Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік", "Наш ақорлық", "Ойынға құмарлық" (лудомания), "Ғаламтор-алаяқтық", "Жәбірлеу немесе қорлау" (бülлинг) тақырыбында дәріс оқыды.



16 желтоқсан — сан ғасыр аңсаған ата - баба арманы орындалған күн



Бүгін - ақ түйенің қарны жарылған ұлы тәуелсіздік мейрамы! Осынау ұлы тәуелсіздік ұғымы әр қазақтың жүрегінің терең түкпіріне ойып тұрып орын алары сөзсіз. Көк аспанда қыранымыз биікте қалықтап, әр таңда күліп оянып, әр кеште тыныш ұйықтауымыздың өзі осы азаттықтың арқасы деп білеміз. Тәуелсіздік – ата-бабамыздың ең үлкен аманаты. Сондықтан оның мәнін ұғынып, баянды да мәңгі болуына аянбай қызмет ету – басты парызымыз.

Мереке қарсаңында жыл сайын республика азаматтарының арасында мәдениет қайраткерлері, әлеуметтік саладағы ерекше қызметімен көзге түскен мамандар, әскери шенділер мен офицерлер, құқық қорғау саласының



Гимназия кітапханасында 16 желтоқсан - Тәуелсіздік күніне орай "Тәуелсіздік - баға жетпес байлығым" тақырыбындағы көрме жасалынды.



Гимназияда 16-желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне арналған «Менің елім – Қазақстан!» атты іс шара.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Біздің гимназия оқушылары 2023 жылғы 19-20 желтоқсан аралығында өткен 15 жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың II (қалалық) кезеңінің қатысушылары ғана емес, жүлдегерлері болып атанды. Олардың ішінде: 9- сынып оқушылары (Нурмакова Балнур/ «қазақ тілі мен әдебиеті» - I орын, Дулат Ислам/ «Қазақстан тарихы» - I орын, Торегожина Жамиля / «орыс тілі мен әдебиеті» - II орын, Матишев Амирлан/ «информатика» - III орын), 10- сынып оқушылары (Рахимова Камиля/ «қазақ тілі мен әдебиеті» - III орын, Сыздыкова Аяна/ «орыс тілі мен әдебиеті» - III орын, Садвакасова Аружан/ «биология» - III орын), 11- сынып оқушысы Балтабай Ділда/ «биология» - III орын.

Балаларды, сондай-ақ оларды дайындаған пән мұғалімдерін құттықтаймыз! Олардың ішінде:

педагог-шеберлер Балапанова Күндіз Сериковна, Амангельдинова Бағдат Ибрахимовна, педагог-зерттеушілер Байбалкенова Айсулу Ахметовна, Садвакасова Гулимжан Кииковна, Түсенова Бахытжан Казыкеновна, Жексембина Нургуль Бахарамовна, Утжанов Досжан Нуржанович. Жарайсыздар!

Сіздердің бүгінгі жетістіктеріңіз одан да үлкен шыңдарға апаратын тамаша жолдың бастауы ғана болсын. Атқарған іс әрқашан оңайлықпен беріле бермесе де, бірақ күш-жігеріңіз үшін лайықты сый-құрмет алу қандай ғажап сезім! Біз сіздерге мұнымен тоқтап қалмауды, көптеген дүниеге ұмтылуды, әрқашан табысты және жемісті болуды тілейміз.



ОҚУШЫЛАР МЕН ҰСТАЗДАРЫН БІЛІМ ДОДАСЫНДА ЖЕТКЕН ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Өнер, білім - бәрі де оқуменен табылған.


Біріккен Араб Әмірліктері мен Абу—Дабі әмірлігінде өткен кәсіпқой жастар арасында Джиу—джитсудан әлем чемпионатында Шорын, қола медаль иеленген 9 «Ә» сынып оқушысы Жұмаш Абылайды құттықтаймыз!



Абай Құнанбаев:
«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан»,
«Ұстаздық еткен жалықпас,
үйретуден балаға»


Ойлы болсаң, шешіп көр.

«Ребус шешу»



СӨЗЖҰМБАҚ «ҚАРЛЫҒАШ»

1. Үй құсы
2. Құстың баласы
3. Туымыздағы құс
4. Ең кішкентай құс
5. Сөйлей алатын құс
6. Ең ұзақ жасайтын құс
7. Сұлулық символы
8. Теңіз құсы



Меншіккесі: «С.Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ
Бас директоры
С.О. Жунусова

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары
Ш.Ө. Алтеева

Бас редактор
А.К. Баезина
Тілшілер
Ү.И.Мбаева

Көрнекілеудің дизайнері—
Б.К.Абылханов
Жауапты жазып
М.Исмаилова

Корректорлар—
Мектеп парламенті,
«Жас ұлан»

Мекен—жайымыз Ерубаева 43 А
email: sch92@yandex.kz Байланыс
телефондары: 87212/479239